

"Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 25 қарашадағы № 1010 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 желтоқсанда № 25577 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7586 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрдан ақпарат беру қағидаларында:

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат тәмендегі анықтамаларды беру түрінде жүзеге асырылады:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат.

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамада жылжымайтын мүліктің нақты объектісіне бар құқықтар (ауыртпалықтар) көрсетіледі;

2) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат.

Жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада жеке немесе заңды тұлғаға тіркелген барлық жылжымайтын мүлік объектілері туралы мәліметтер (оның ішінде иеліктен айырылған) көрсетіледі;

3) осы Ереженің 3-1-қосымшасына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтық ауыртпалықтар, заңдық талаптар туралы мәліметтер.

Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтық ауыртпалықтар, заңдық талаптар туралы мәліметтерде жеке немесе заңды тұлғаларға құқықтары тіркелген жылжымайтын мүлік объектісінің барлық ауыртпалықтар және заңдық талаптары туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуши орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелері".

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының занамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

**Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2021 жылғы 25 қарашадағы
№ 1010 бұйрығына қосымша
Құқықтық кадастран
алынған ақпаратты беру
қағидасына 3-1-қосымша

Нысан

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ филиалы)

Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген ауыртпалықтар, зандық талаптар туралы мәліметтер ____ жылғы " ____ "

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұған күні және ЖСН; занды тұлғаның атауы және БСН, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) жылжымайтын мүлік объектісіне: _____

растама мекенжайы, мекенжайдың тіркеу коды (болған жағдайда)

тіркелген _____ занды (құқық түрі)

тұлға _____

(атауы, БСН)

1) құқық ауыртпалығы тіркелді:

| | | | | | |
|-----------------|---------|--|----------------------------|------------------------------|------------------------|
| Ауыртпалық түрі | Мазмұны | Құқық иесі немесе уәкілдік орган (мұдделі тұлға) | Ортақ меншік нысаны, үлесі | Ауыртпалықтың туындау негізі | Tіркелген күні, уақыты |
|-----------------|---------|--|----------------------------|------------------------------|------------------------|

2) жылжымайтын мүлікке құқықтардың немесе ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқпайтын зандық талаптар мен мәмілелер тіркелді:

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

| | | | |
|-----------------------------------|---------------------------|--|---------------------------------------|
| Зандық талаптар және мәмілелер | Мазмұны мүдделі тұлға) | Өтініш беруші (Пайда болу негізі тіркеу күні, уақыты | Тоқтату негізі тіркеу күні, уақыты |
|-----------------------------------|---------------------------|--|---------------------------------------|

Орындаушы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Басшысы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны (болған жағдайда) _____

Ескертпе: Ақпараттар берген сәтінде жарамды болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК